

Бекітілді

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор,

З.Ф.Д., Профессор

Е. Бурибаев

2024 жыл



**«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ
ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ
ІНҚ-ZU-01-03-01**

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Өзірленді	Комплаенс - офицер	Б.Қабыкенов	08.11.2024	
Келісілді	Басқарма төрағасы – Ректор Аппаратының жетекшісі	Д.Нұрмуханқызы	08.11.2024	
	Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы	А.Беделбаева	08.11.2024	
	Заң қызметінің бас заңгері	А.Искаков	08.11.2024	
Басқарма отырысының 2024 жылғы 14 қазандағы шешімімен қолданысқа енгізілді (№3 хаттама)				

Талдықорған қ., 2024

ІНҚ-ZU-01-03-01	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	2 бет 15 беттен
-----------------	--	--------------------

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы.....	3
2	Жалпы ережелер	3
3	Ақпараттық ашықтық принципі	4-5
4	Қолжетімділік және түсініктілік принципі	5-6
5	Азаматтық қоғамның қатысу принципі	6-7
6	Жауапкершілік принципі	7
7	Университеттегі ашықтық пен айқындық жүйесі	7-8
8	Стандартты сақтау бойынша дайындықты көрсету	8
9	Академиялық адалдық	8-9
10	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс.....	9-12
11	Жатақханаларда орын бөлу	12-13
12	Қаржылық ресурстарды дұрыс бөлу	13-14
13	Гранттарды бөлудің ашықтығы	14-15
14	Жұмысқа қабылдау	15
15	Қорытынды ережелер	15-16
16	Өзгерістер.....	16

1-Бөлім. Қолдану саласы

1.1 Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (әрі қарай - Стандарт) «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» (әрі қарай - Университет) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 174 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Стандарт Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында қолдануға ұсынылады.

2. Жалпы ережелер

2.1 Ашықтық пен айқындықтың негізгі принциптері:

1) **адалдық** –білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын оқу жұмыстарын адал, жауапты орындауы;

2) **автордың және оның құқық мирасқорларының құқықтарын қорғау** – авторлық құқық объектілерін қорғауды және авторлық шығармалардың дұрыс пайдаланылуын, басқалардың сөздері мен ойларын дұрыс жеткізу, дереккөздеріне сілтеме жасау арқылы қамтамасыз ету;

3) **ашықтық** – өзара сенім, ақпараттар мен идеялармен ашық алмасу білім алушылар мен оқытушылар арасында;

4) **білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу** – өз пікірлерін және идеяларын еркін білдіру құқығы;

5) **теңдік** – әрбір білім алушы академиялық адалдық ережелерін сақтауға және олардың бұзылуы үшін тең жауапкершілікке ие.

4. Осы Стандартта келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) **плагиат** – басқа адамның шығармашылығының немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өз еңбегі ретінде ұсыну, қасақана немесе абайсызда, толық немесе бөліктеп заңсыз қолдану, сондай-ақ басқа адамның идеялары мен сөздерін өзінікі деп көрсету;

2) **кошіріп алу** –білім алушылардың немесе қызметкердің басқа адамның интеллектуалдық өніміне сілтеме жасамай, оны өз жұмысында қолдануы;

3) **қайталау** – бірдей жұмысты әртүрлі бағалау және талаптар шеңберінде ұсыну, соның ішінде оның бұрын басқа курс бойынша бағаланғанын және оқытушының алдын ала рұқсатынсыз оны өз жұмысы ретінде толық немесе жартылай ұсыну;

4) **жалғандық** – академиялық жазбаларды немесе басқа құжаттарды бұрмалау; ғылыми эксперимент нәтижелерін бұрмалау, сауалнаманың нәтижелерін өзгерту; академиялық жұмыста қолтаңбаларды өзгерту, әдейі бұрмалау немесе жұмысқа зиян келтіру;

5) **жасыру** – академиялық жұмыста жалған ақпаратты жасыру немесе манипуляция жасау; зерттеулер мен эксперименттердің нәтижелерін өзгерту; зерттеу барысында алынған жалған ақпаратты көрсету;

6) **келіспеушілік** – тексеру және бағалау мақсатында академиялық жұмысты басқа білім алушының атынан орындау, оқу процесіндегі тұлғалар арасындағы келісім.

3-Бөлім. Стандарттың принциптері

1) **Ақпараттық ашықтық принципі (ақпараттың дұрыстығы, жариялаудың уақтылығы)**

1-1. Ақпараттық ашықтық принципі Университеттің жұмыс режимін және оның қолында бар ақпараттың қолжетімділігін білдіреді.

Ашықтықтың негізгі механизмдеріне мыналар жатады:

1) ресми интернет-сайтта ақпаратты жариялау;

2) ашық деректер режимін пайдалану (мәліметтерді машинамен оқылатын форматта жариялау, кейінгі автоматты өңдеуге жарамды);

3) азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың өтініштерін қарау және олар бойынша әрекет ету;

ІНҚ-ZU-01-03-01	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	4 бет 15 беттен
-----------------	--	--------------------

4) қоғамдық кеңестердің жұмысы;
5) БАҚ-мен өзара іс-қимыл;
6) тәуелсіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама және қоғамдық құқықтық мониторинг;

7) іс-қимыл жоспарын қабылдау және жыл сайынғы мақсаттар мен міндеттер туралы ашық декларация жасау, оларды қоғамдық талқылау және сараптамалық сүйемелдеу;

8) қызметтің нәтижелері туралы жария есеп беру;

9) жоспарлар, шешімдер, бағдарламалар, саясаттар мен нормативтік-құқықтық реттеу актілерінің айқындылығын қамтамасыз ету (олардың қажеттілігі мен жоспарланған нәтижелерін түсіндіру);

10) барлық мүшелерді (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар) ақпараттандыру: жаңалықтарды, әлеуметтік маңызды ақпаратты, фото- және бейнемазмұнды жариялау;

11) барлық мүшелерді (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар) тарту: құжаттар мен бастамалар, жарияланған есептер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша пікірталастар ұйымдастыру, ұсыныстар мен пікірлер жинау;

12) адалдықты бұзу туралы хабарлаған қызметкерлерді қорғауды қамтамасыз ету.

1-2. Қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, Университет құпия ақпаратты жарияламауға және ақпаратты қорғаудың заңмен рұқсат етілген әдістері мен құралдарын қолдануға міндеттенеді.

1-3. Университет оқу орны, оқытушылар және қызметкерлер туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, нормативтік актілері және ішкі құжаттарына сәйкес ашық түрде ұсынуды қамтамасыз етеді.

1-4. Университеттің ақпараттық ашықтығы келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) университет туралы шешімдер қабылдау үшін қажетті корпоративтік ақпаратты алу құқығын қамтамасыз ету;

2) корпоративтік басқарудың сапасын арттыру;

3) коммуникациялық белсенділіктің өсуіне жағдай жасау;

4) Қазақстан Республикасының ақпаратты міндетті жариялау туралы заңнамасына сәйкес талаптарды орындау;

5) университет туралы мәліметтерді қауіпсіз сақтау (осындай мәліметтерді жариялау және/немесе пайдалану мемлекет, университет мүдделеріне зиян келтіруі немесе бірқатар мүдделі тұлғалардың басқа тұлғаларға қарағанда негізсіз артықшылықтарға ие болуына әкелуі мүмкін).

1-5. Университет мүдделі тараптарға ақпарат беру құқығын жүзеге асыру үшін және жедел әрі қолжетімді ақпарат ұсыну мақсатында келесі хабардар ету әдістерін қолданады:

1) ақпаратты ақпараттық агенттіктер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялау;

2) университеттің ресми интернет-ресурсында ақпаратты жариялау;

3) баспасөз мәслихаттарында, ашық кездесулерде және мүдделі тараптармен жеке кездесулерде ақпарат беру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да әдістер.

2) Қолжетімділік пен түсініктілік принципі (жоспарлар, шешімдер, бағдарламалар, саясаттар)

2-1. Университеттің мақсаттары, міндеттері, жоспарлары мен қызмет нәтижелерін қарапайым және қабылдауға жеңіл түрде ұсыну. Осы механизмді жүзеге асыру үшін (құрал) көрсетілген құжаттар мен шешімдерге қатысты әр түрлі форматтарда түсіндірмелер әзірлеу ұсынылады. Бұл түсіндірмелер стейкхолдерлерге қандай да бір құжаттың/шешімнің/әрекеттің қажеттілігі, ұсынылып отырған өзгерістер, олардың Университет қызметіне әсері, сондай-ақ әлеуметтік және экономикалық нәтижелер туралы ақпарат беру мақсатында дайындалады.

2-2. Түсіндірмелерді әзірлеудің негізгі бағыттары:

1) жоспарлар, шешімдер, бағдарламалар, саясаттар әзірлеу және талқылау;

ІНҚ-ZU-01-03-01	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	5 бет 15 беттен
-----------------	--	--------------------

2) қабылданған жоспарлар, шешімдер, бағдарламалар, саясаттар туралы ақпаратты кеңінен жариялау және олардың орындалуы туралы ақпарат беру;

3) қызметтерді ұсыну, оның ішінде электронды түрде.

2-3. Жоспарлар, шешімдер, бағдарламалар, саясаттар әзірлеу кезінде қолжетімділік пен түсініктілікті қамтамасыз ету жұмысы мыналарды қамтиды:

1) әрбір жоспар, шешім, бағдарлама, саясатқа мүдделі мақсатты аудиторияны анықтау;

2) мақсатты аудиторияны нақты сілтемелік топтарға бөлу;

3) материалдың басында кең ауқымды анықтамалық топтарға, ал соңында арнайы немесе нақты топтарға бағытталған орналасуы;

4) анықтамалық топтардың мүмкін болатын сұрақтарын болжап, оларға алдын ала жауаптар дайындау. Ұсынылған мәтіннің маңызды ерекшелігі оның анық және түсінікті құрылымдалуы болып табылады.

2-4. Маңызды тұжырымдарды (инициативтер, құжаттар) айқындау және түсіндіру үшін түсіндірмелер әзірлеу кезінде инфографика, презентациялық материалдар, бейнемазмұн, аудио жазбалар, анимациялық материалдар, интеллектуалдық карталар және басқа да әдістерді қолдану ұсынылады. Түсіндірмелердің формасы қандай болғанда да, олардың пайдаланушыларын анықтау өте маңызды.

2-5. «Қолжетімділік пен түсініктілік» механизмін іске асырудан нәтиже алу үшін әртүрлі коммуникация арналарын қолдану ұсынылады:

1) жаппай мекенжайсыз байланыс: теледидар, радио, баспасөз, сыртқы жарнама, әлеуметтік желілер;

2) мақсатты аудиторияға бағытталған коммуникациялар, бұл жеке анықтамалық топтарға ықпал етуді білдіреді. Жобалар, жоспарлар, шешімдер, бағдарламалар, саясаттар бойынша қоғамдық талқылауларды ұйымдастыру маңызды болып табылады.

4) Азаматтық қоғамды қатыстыру принципі

4-1. Дүниежүзілік тәжірибеде мемлекет дамуының жетекші ресурстарының бірі адам мен әлеуметтік капитал болып табылады, ол адамдарға, сондай-ақ олардың әлеуеті мен дамуына негізделген.

4-2. Азаматтық қоғам саласының көзқарасы бойынша, азаматтық қоғам:

1) азаматтардың (қызметкерлер мен білім алушылар) мүдделерін қамтамасыз ету арқылы мемлекеттің дамуына ықпал етеді;

2) басқаруды және қоғамдық бақылауды тиімдірек ету үшін кері байланыс механизмін қамтамасыз етеді;

3) есеп беру және ашықтық жағдайында азаматтардың (қызметкерлер мен білім алушылардың) шешімдер қабылдауға қатысуына қолайлы жағдайлар жасайды.

4-3. Еріктілік пен қайырымдылық сияқты әртүрлі формалар арқылы білім алушылардың қоғамда белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет. Сонымен қатар, білім алушылардың өзін-өзі басқаруды дамыту үшін бастамаларының барлық салаларын қамтитын ауқымды және жүйелі жұмыс ұйымдастыру қажет.

Осы үшін келесі шаралар қажет:

1) азаматтық қоғам институттарының жұмысы арқылы құқықтық сананы қалыптастыру;

2) білім алушылар өзін-өзі басқару жүйесінің нақты жұмыс істеп, Университет деңгейінде басқарушылық шешімдер қабылдауға толыққанды қатысуын қамтамасыз ету;

3) университетте құқық негіздерін оқыту тәжірибесін жетілдіру;

4) білімгерлер және жастар ұйымдарының адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі рөлін арттыру;

5) университетте әкімшілік жұмыстың либерализациясын одан әрі дамыту;

6) үкіметтік емес ұйымдарды қоғамдық қорғаушы институтын құруға бағытталған жобаларды әзірлеуге тарту;

7) әлеуметтік тұрғыдан осал топтардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік жобаларды іске асыруды жүйелі енгізу, сондай-ақ әлеуметтік маңызды жобаларды әзірлеуге үкіметтік емес ұйымдарды тарту;

ІНҚ-ZU-01-03-01	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	6 бет 15 беттен
-----------------	--	--------------------

8) жастардың жоғары деңгейде ақпараттандырылуын және білімділігін қамтамасыз ету үшін бірлескен ақпараттық және ағартушылық науқандарды жүзеге асыру;

9) дауларды шешудің механизмдерін енгізу, келіссөздер мен медиация орталықтары арқылы сотқа дейінгі дауларды реттеу тәжірибесін дамыту;

10) гендерлік теңдікті дамыту және қоғамда әйелдер мен ерлердің құқықтары бойынша теріс стереотиптерді жеңуге ықпал ету

5) Жауапкершілік принципі (қоғамдық бақылау механизмдерін дамыту)

4-1. Азаматтық қоғам ұйымдары қоғамдық мәселелерді шешуге, әлеуметтік шиеленісті азайтуға және мақсатты топтармен байланыс орнатуға бағытталған күш-жігерін жұмсайды.

5-2. Университет алдында білімгерлер және жастар ұйымдарының рөлін күшейту және олардың Қоғам өміріндегі өзекті мәселелерді шешуде шешім қабылдауға және басқаруға ықпал ету міндеті тұр.

Осы мақсатқа жету үшін келесі шараларды әзірлеу және іске асыру қажет:

1) шешім қабылдау процесінің ашықтығын арттыру үшін білімгерлік қоғамдастықтың Университетті басқару саласындағы алқалы басқару органдарына (ғылыми кеңес және т.б.) қатысуын қамтамасыз ету,;

2) қоғамдастық институттары, оның ішінде білімгерлік өзін-өзі басқару институты арқылы азаматтық бақылау механизмдерін күшейту;

3) жыл сайынғы бірінші басшының университет қызметі туралы ұжым/қоғам алдындағы есебін тыңдау;

4) профессорлық-оқытушылық құрам мен білім алушы қоғамдастықты тарта отырып, жобаларды, нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткізу.

6) Университеттегі ашықтық пен транспаренттілік жүйесі

Жауапкершілік/Корпоративтік басқару (алқалы шешім қабылдау, қоғам мен білім алушының шешім қабылдауға қатысуы)

6-1. Осы Стандартта корпоративтік басқару Университеттің тиімділігін арттыру құралы ретінде қарастырылады, оның мақсаты – ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз ету, университеттің беделін нығайту және барлық процестерді басқару жүйесін ашық ету.

Университеттегі корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылуы тиіс. Корпоративтік басқару құрылымы Университеттің қызметіне мүдделі барлық тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді және сәтті жұмыс істеуіне, оның құнын арттыруға, қаржылық тұрақтылығын қолдауға және білім алушылар мен қызметкерлерге адалдық пен жемқорлық көріністерге нөлдік төзімділік қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

6-2. Университетте корпоративтік басқару Кодексін әзірлеу пайдалы болады, оны әзірлеу барысында келесі принциптер ескерілуі керек:

1 Принцип - құрылымдық бөлімшелер арасында өкілеттіктерді нақты ажырату, корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен реттілігін қамтамасыз ету, шешім қабылдау кезінде алқалы органдардың өкілеттіктерін бөлу.

2 Принцип - білім беру процесінің барлық қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін қорғау.

3 Принцип - университетті тиімді басқару.

4 Принцип - тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және сыртқы бақылау, оның ішінде сыртқы аудиторларды тарту.

5 Принцип - корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығыстарын реттеу.

6 Принцип - университет қызметі туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға ашудағы ашықтықпен объективтік.

6-3. Бюджеттік қаражатты бөлу және мақсатты пайдалану мәселелерін шешу, профессорлық-оқытушылық құрамды және әкімшілік-басқару персоналын жұмысқа қабылдау үшін алқалы органдар құру.

ІНҚ-ZU-01-03-01	Ашықтық пен айкындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	7 бет 15 беттен
-----------------	--	--------------------

Қабылданатын шешімдердің ашықтығын және транспаренттілігін қамтамасыз ету мақсатында алқалы органдардың құрамында үкіметтік емес ұйымдар мен қоғам өкілдерінің міндетті түрде болуы, сондай-ақ бейнежазу құралдарын қолдану қажет.

Алқалы органдардың мүшелері мыналар үшін жауапкершілік алады:

- 1) оларға жүктелген міндеттерді адал орындау, бұл міндеттер Университеттің мүдделерін барынша қамтуы тиіс;
- 2) университет мүлкін жеке мақсаттарда пайдаланбау;
- 3) университет қызметі туралы ақпараттың құпиялығын сақтау, оның ішінде қызметтен кеткеннен кейін үш жыл бойы;
- 4) корпоративтік мәселелер бойынша объективті емес пікірлер білдірмеу;
- 5) өкілеттік шегінен тыс әрекет етпеу және өкілеттікті тек берілген мақсаттарда пайдалану;
- 6) университет қызметкерлерімен немесе басқа мүдделі тұлғалармен мүдделер қақтығысын тудыратын әрекеттер жасамау;
- 7) өз міндеттерін және функцияларын тиісінше орындау;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Университет Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес келмейтін әрекеттер жасамау.

7) Стандартты орындауға дайындығын көрсету

7-1. Алқалы органдардың қызметі ережелермен реттелуі тиіс, онда осы орган қарастыратын мәселелердің нақты тізімі айқын көрсетіледі. Алқалы органдардың мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін, құқықтары мен қабылданатын шешімдер үшін жауапкершіліктерін білуі тиіс.

7-2. Университетте әзірленген құжаттар бизнес-процестердің ашықтығын реттейтін стандартты сақтау дайындығын көрсетуі керек. Университет өзінің барлық нормативтік және өзге құжаттарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарында және күнделікті қызметінде стандартты сақтау міндеттемесіне деген өзінің адалдығын айқын және біржақты түрде көрсетеді.

8) Академиялық адалдық (шыншылдық)

8-1. Адалдық — бұл білім беру процесінің қатысушылары мен білім беру ұйымдарының сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін және көріністерін жоққа шығаратын, кәсіби ортаны қалыптастырып, нығайтатын құндылықтар мен принциптерге сәйкес әрекет ету жөніндегі тұрақты міндеттемесі. Университетте академиялық адалдықты (шыншылдықты) ілгерілетуге негіз болатын негізгі критерийлер мыналар болып табылады:

- 1) академиялық адалдық білім беру және ғылыми-зерттеу процесінің негізгі құндылығы болып табылады;
- 2) академиялық адалдықтың, дәйексөз жасаудың және мінез-құлықтың нақты, әділ және объективті стандарттарына сәйкестік;
- 3) білім алушылардың барлық жазбаша жұмыстарын плагиатқа тексеру жүргізіледі. Плагиатқа тексеру тәртібі мен ережелерін Университет белгілейді;
- 4) білім алушының академиялық адалдық принциптері мен стандарттарын бұзғаны үшін жауапкершілігі;
- 5) білім алушыларға әділ әрі объективті бағалау жүйесі аясында жоғары талаптарды қою;
- 6) тек үздік білім алушыларға оқуын аяқтауға мүмкіндік беру;
- 7) дипломмен расталған кадрлар даярлаудың сапасына жауапкершілік;
- 8) академиялық адалдық, өзара құрмет және әділдік принциптерін үйрететін тәлімгер ретінде оқытушының жоғары жауапкершілігін қамтамасыз ету;
- 9) академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау — бұл барлық студенттердің және университет қызметкерлерінің бірлескен күш-жігерінің нәтижесі деп тану;
- 10) әрбір білім алушы мен университет қызметкерінің академиялық адалдық принциптерін сақтау бойынша өз міндеттемелерін адал орындауы.

ІНҚ-ZU-01-03-01	Ашықтық пен айкындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	8 бет 15 беттен
-----------------	--	--------------------

Аталған Стандарт бойынша келесі әрекеттер академиялық адалсыздық (шыншыл емес) деп саналады: Плагиат, көшіру, қайталау, жалғандық, ақпаратты жасыру, сөз байласу.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс (сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, корпоративтік этика)

9-1. Адалдықты ілгерілету келесі принциптерге негізделеді:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясат пен басқару жүйесін әзірлеу, енгізу, қолдау, талдау және жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс;
- 2) ұйымның сыртқы және ішкі факторларын анықтау, олар ұйымның мақсаттарына әсер ететін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесінің мақсаттарына жетуге қабілеттілігін анықтайтын;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесі үшін мүдделі тараптарды және оларға қойылатын талаптарды анықтау;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесінің шекараларын және қолданыс аясын анықтау;
- 5) жүйелі негізде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүргізу;
- 6) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау үшін критерийлерді белгілеу;
- 7) жоғары басшылықтың (басқарушы органның) сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесіне қатысты көшбасшылығын және міндеттемелерін көрсету;
- 8) жоғары басшылықтың (басқарушы органның) сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясат пен басқару жүйесін әзірлеу, енгізу, қолдау, талдау және жетілдіруге жауапкершілігі;
- 9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің болуы, оларды тиісінше жауапкершілікпен және қажетті өкілеттіктермен қамтамасыз ету;
- 10) жоғары басшылық шешім қабылдауды ұйымның персоналына тапсырған кезде, шешім қабылдау процесін немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерді басқару құралдарының кешенін әзірлеу және қолдау қажет;
- 11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесінің жұмыс істеуі үшін ішкі және сыртқы байланыстарды анықтау;
- 12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесінің талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін қажетті процестерді жоспарлау, енгізу, талдау және басқару;
- 13) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару үшін қаржылық және қаржылық емес бақылау механизмдерін енгізу;
- 14) ұйымдар мен іскер серіктестер тарапынан бақылаудағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы механизмдерді енгізу;
- 15) сыйлықтар, шығындарды төлеу, қайырымдылықтар жасау және басқа да артықшылықтарды ұсыну, беру немесе қабылдауды болдырмау мақсатында рәсімдерді енгізу;
- 16) өзара сенімді себептермен немесе негізді күдікпен жемқорлық немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесінің әлсіз тұстарын анықтауға мүмкіндік беретін рәсімдерді енгізу;
- 17) жемқорлық, ішкі саясаттың бұзылуы немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесінің талаптарын бұзу жағдайларын зерттеу және тиісті шаралар қабылдау рәсімдерін енгізу;
- 18) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтің нәтижелерін бағалау;
- 19) университетте сау әлеуметтік орта қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру үшін білім алушыларды басқару процесіне тарту.

9-2. Университеттегі адалдық мәдениеті келесі этикалық мінез-құлық моделіне негізделуі тиіс:

- 1) адалдық;
- 2) автордың құқықтарын және оның құқықтық мұрагерлерін қорғау;
- 3) ашықтық;
- 4) оқушылардың құқықтары мен бостандықтарына құрмет;
- 5) теңдік;

ІНҚ-ZU-01-03-01	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	9 бет 15 беттен
-----------------	--	--------------------

6) оқытушы немесе қызметкер әдептілік пен парасаттылықтың, адамгершілік пен әдептің үлгісі бола отырып, сыбайлас жемқорлықтың, тәртіпсіздік пен жауапсыздықтың кез келген көріністеріне принципті түрде қарсы тұруы тиіс;

7) оқытушы мен қызметкер өз қызметінде білім алушыларды тәрбиелеу, олардың білімділігі мен мәдениетіне, Отанына деген патриоттық сезімдерін қалыптастыруға басты назар аударуы тиіс;

8) оқытушы мен қызметкер кез келген сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қарсы тұруға және олардың алдын алу шараларын қабылдауға міндетті;

9) оқытушы мен қызметкер кәсіби міндеттерін орындау кезінде білім алушыларға өздерінің мінез-құлықтары мен моральдық құндылықтарды насихаттай отырып, жемқорлық әрекеттердің болуын жою қажеттілігін көрсететін үлгі болуы тиіс;

10) оқытушы мен қызметкер өз кәсіби міндеттерін бағалауда және өз әріптестерін, білім алушыларын әділ және бейтарап бағалауға, олардың ықпалынан тәуелсіз болуға, қызметтік этика нормаларын бұзу фактілерін тоқтатуға міндетті, сондай-ақ өз тарапынан мұндай бұзушылықтарға жол бермеуі тиіс;

11) университеттің білім алушысы Қазақстан Республикасының лайықты азаматы болуға, таңдаған мамандығы бойынша кәсіби маман болуға және өзінің жеке қасиеттерін дамытуға ұмтылуы тиіс;

12) білім алушы оқытушыны адам ретінде және жеке тұлға ретінде құрметтеуі тиіс, сонымен қатар оқытушының міндеттерін адал орындауына кедергі келтіретін жеке, мүліктік, қаржылық немесе басқа да мүдделерден аулақ болу керек;

13) білім алушы оқу мен барлық білім бақылау формаларына адал қарауы тиіс, білім алуда адал болмау, салақтық немесе алаяқтыққа жол бермеуі тиіс;

14) білім алушы әдептілік, мәдениет пен моральдік тұрғыдан үлгі болып, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеуі және ең алдымен өзінің сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуі тиіс;

9-3. Университетте жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс келесі шараларды қамтиды:

1) университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша жауапты қызметкерін немесе құрылымдық бөлімшесін анықтап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмысты үйлестіруі тиіс;

2) университеттің ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттарын әзірлеу және қабылдау;

3) университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясатын дайындау;

4) университет қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бақылау және талдау, қажет болған жағдайда шешімдер қабылдау және сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауына негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді жоспар әзірлеу және оның жүзеге асырылуы, жетістіктері мен кедергілері бойынша қортынды жасау;

6) университетте жүргізілетін HR-саясаты меритократия қағидаттарына негізделіп, кадр саясатын жүргізудегі фаворитизм үшін қолайлы жағдайлардың дамуын болдырмауы тиіс;

7) университеттің тиімділігінің басты көрсеткіші ғылыми жетістіктер болуы тиіс, бұл ғылыми әлеуеті жоғары тұлғаларды тарту және кадрларды таңдау кезінде объективтілікті қамтамасыз етеді;

8) ғылыми және оқу қызметін ынталандыру үшін икемді еңбекақы жүйесін әзірлеу;

9) білім сапасын арттыру мақсатында «Оқытушы білімгердің көзімен» тиімді кері байланыс жүйесін жалғастыру және академиялық ортадағы заңсыз әрекеттер туралы хабарлау механизмдерін пайдалану;

10) университеттің бірінші басшысының ұжым алдында/қоғам алдында ашық есеп беру тәжірибесін енгізу;

11) университетте жүргізілетін қоғамдық пәндер бағдарламасына құқықтық сананы арттыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды енгізу;

ІНҚ-ZU-01-03-01	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	10 бет 15 беттен
-----------------	--	---------------------

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін дипломдық, курстық, магистрлік және докторлық зерттеулер тізіміне енгізу;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тақырыптық ақпараттық-ағартушылық шараларын өткізу (форумдар, семинарлар, тренингтер, флешмобтар, кітап көрмелері, конкурстар және т.б.);

14) университеттің бюджет қаражатын және коммерциялық емес көздерден алынған қаржыны (қолдау көрсету, қайырымдылық көмектер, түрлі қорлардан түсетін табыстар және т.б.) жұмсауды ашық жүргізу, соның ішінде директорлар кеңесінің, бақылау кеңесінің, қоғамдық ұйымдардың, профессор-оқытушылар құрамының, білім алушылардың өкілдерін қатыстыру.

10. Білім алушыларды жатақханаларға бөлу.

10-1. Университеттің тұрғын үй қоры оның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

Университет осы қызметті автоматтандыруды келесі тәртіп бойынша қамтамасыз етеді:

1) білім алушылар онлайн өтінішті университеттің ақпараттық жүйесі арқылы жібереді (әрі қарай - жүйе);

2) бірінші курс білім алушыларының мәліметтері қабылдау комиссиясында құжаттарды ресімдеу кезінде жүйеге енгізіледі, және қажетті білім алушылар электронды кезекке қойылады;

3) жатақханаға орналасуға бағыттама жеке кабинетке келеді. Жүйе автоматты түрде қай бөлмеге орналасатынын анықтайды;

Жүйе жатақханаға орналасқысы келетін білім алушыларды орындарды бөлу критерийлеріне сәйкес кезекке қояды.

10-2. Алдымен мүгедек балалар, жетімдер, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, ата-аналары мүгедек балалар, ұлттық бірыңғай тестілеуден 120 балдан жоғары ұпай алған білімгерлер, «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» иегерлері, көпбалалы отбасылардағы 4 немесе одан да көп кәмелетке толмаған немесе оқушы балалары бар отбасы мүшелері, жалғызбасты ата-анасы бар отбасылардың балалары орналастырылады. Жүйе жатақхана бөлмелерін бөлгеннен кейін, білім алушыларды қолдау қызметіне жауапты құрылымның мамандары мәліметтерді енгізу кезінде қателердің бар-жоғын тексереді. Соңғы нұсқасын университеттің арнайы комиссиясы бекітеді. Жатақханаға орналастыру аяқталғаннан кейін әр білім алушының жеке ісіне университеттің ішкі тәртіп ережелерін, соның ішінде жатақханада тұруға қатысты бұзушылықтары енгізіледі. Жүйеде білім алушылардың барлық бұзушылықтары тіркеледі. Бұл негізде білімгерлер жатақханадан шығарылуы мүмкін. Келесі оқу жылында білім алушы жатақханаға орын алуға өтініш берсе де, жүйе оған бас тартады.

10-3. Жатақханалардағы бос орындар мен оларға орналасқан тұлғалар туралы мәліметтер университеттің ресми интернет-ресурсында да жарияланады.

10-4. Жатақханаға орналасуға өтініштерді объективті түрде қарау үшін университет басшысының шешімімен құрылымдық бөлімшелер мен білімгер-активистер өкілдерінен арнайы комиссия құрылады. Комиссия төрағасы университеттің бірінші басшысының орынбасарынан төмен болмауы тиіс. Хатшы комиссия мүшесі бола алмайды. Комиссия мүшелері тақ саннан тұрады.

10-5. Жатақханаға орналастыру процесінің ашықтығын және объективтілігін қамтамасыз ету үшін, электронды кезек нәтижелері бойынша комиссия отырысынан кейін жатақханаға орналасатын білім алушылардың тізімдері университеттің корпоративтік ақпараттық порталдарында жариялануы тиіс. Комиссия шешімі жатақханаға орналасу немесе орын бермеу үшін негіз болып табылады.

11. Қаржылық ресурстарды дұрыс бөлу

11-1. Қаржылық және бюджеттік процедуралар университеттің қызметінің тиімділігін, ашықтығын және қолжетімділігін арттыруға бағытталуы тиіс. Даму жоспарлары, қаржылық есептілік және даму жоспарының орындалуы туралы есептер жыл сайын университеттің ресми интернет-ресурсында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің ақпараттық есептеу орталығы порталында жариялануы тиіс.

ІНҚ-ZU-01-03-01	Ашықтық пен айкындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	11 бет 15 беттен
-----------------	--	---------------------

11-2. Университет сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару мақсатында қаржылық бақылау механизмдерін енгізуі тиіс. Қаржылық ресурстарды бөлу заңнама талаптарына және штат саны мен жалақы, материалдық құндылықтар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу бойынша қабылданған нормативтерге сәйкес жүргізілуі тиіс. Университеттің қаржы қызметі шығыстарды нормативтерге сәйкес жоспарлайды.

11-3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және тауарлар, материалдық құндылықтар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу шығындарын жоспарлау үшін университетте құрылымдық бөлімшелер мен білімгер-активистер өкілдерінен арнайы бюджет комиссиясы құрылады. Комиссия төрағасы университеттің бірінші басшысының орынбасарынан төмен болмауы тиіс. Хатшы комиссия мүшесі бола алмайды. Комиссия мүшелері тақ саннан тұрады.

11-4. Бюджет комиссиясының отырысында университет құрылымдық бөлімшелерінен тауарлар, материалдық құндылықтар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу бойынша өтініштер қаралып, оларды мемлекеттік сатып алу жоспарына енгізудің қажеті туралы шешім қабылданады.

11-5. Отырыс нәтижесінде хаттама жасалады. Хаттама негізінде университеттің даму жоспарына қажетті мәліметтер енгізіліп, мемлекеттік сатып алу жылдық жоспары жасалып, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу жүзеге асырылады.

11-6. Тауарлар, материалдық құндылықтар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына қатаң сәйкес жүзеге асырылуы тиіс, ал білім беру ұйымдарына мемлекеттік сатып алу заңнамасындағы ерекшеліктер негізінде ерекшеліктер болуы мүмкін.

11-7. Барлық қаржылық операциялар толық және дәл есепке алынуы және университетте қабылданған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, бухгалтерлік және салықтық саясатқа сәйкес тіркелуі тиіс.

11-8. Қаржылық операцияларды жүзеге асыру кезінде құзыреттерді қатаң бөлу қажет. Бір адам төлемдерді бастау мен мақұлдауды жүзеге асыра алмайды. Маңызды қаржылық операцияларды жүргізу үшін жоғары деңгейдегі басшының мақұлдауы қажет (бірінші басшы, кейде - білім беру саласындағы уәкілетті орган).

11-9. Барлық төлемдер тиісті құжаттармен (келісім-шарттар, орындалған жұмыстар актілері, шот-фактуралар, банктің төлем тапсырмалары және т.б.) расталуы тиіс. Растайтын құжаттармен бірге тиісті қосымша құжаттардың болуы міндетті. Қолма-қол ақша операцияларының саны шектеліп, қолма-қол ақшаны қатаң бақылау жүргізілуі тиіс. Төлемдер жіктелуі нақты және түсінікті болуы керек, сондай-ақ олардың есепшоттарда көрсетілуі дұрыс болуы тиіс. Университет басшылығы мерзімді түрде маңызды операциялар мен ағымдағы қаржылық қызметті талдауы тиіс.

11-10. Университеттің қаржылық қызметін бақылау тәуелсіз аудиторлық ұйымдармен жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ретте Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында ерекшеліктері бар білім беру ұйымдарын қоспағанда, аталған қызметті көрсететін ұйымды таңдау мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

12. Гранттарды бөлуге ашықтық

12-1. Гранттарды бөлуге ашықтықты қамтамасыз ету қазіргі заңнаманың негізінде, білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптеріне сәйкес қамтамасыз етіледі:

- 1) сапалы білім алу құқығының теңдігі;
- 2) білім беру жүйесін дамытудағы басымдылық;
- 3) білімнің барлық деңгейлерінің халық үшін қолжетімділігі, әр тұлғаның психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып интеллектуалдық дамуы;
- 4) білім берудің зайырлы, адамгершілік және дамытушы сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адамның өмірі мен денсаулығының, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдығы;
- 5) адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- 6) тұлғаның білімділігін ынталандыру және дарындылықты дамыту;

ІНҚ-ZU-01-03-01	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	12 бет 15 беттен
-----------------	--	---------------------

7) білім беру процесінің үздіксіздігі, оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету;

8) оқыту, тәрбие және даму бірлігін қамтамасыз ету;

9) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесінің ашықтығы;

10) білім беру ұйымдарының әртүрлілігі меншік нысандары, оқу және тәрбие формалары, білім беру бағыттары бойынша.

12-2. Гранттарды бөлу процедураларының ашықтығы келесі шаралармен қамтамасыз етіледі:

1) гранттарды бөлу санын және механизмдерін ашық жариялау;

2) гранттарды бөлу және осы процестің ашықтығына жауапты университеттің қызметкерін (құрылымдық бөлімше) анықтау және тағайындау;

3) университет қызметкерлерінің ақпаратқа қол жеткізу құқығын бұзу үшін жауапкершілігін кеңейту және гранттарды бөлу кезінде бұзушылықтар жасағаны үшін тиімді санкцияларды қолдану;

4) ақпараттық сұрауларды ведомстволық есепке алу, олардың қаралу барысы мен нәтижелері, сондай-ақ гранттарды бөлу мәселелері бойынша онлайн деректерді тұрақты жариялау үшін тиісті орталықтандырылған статистикалық есеп жүргізу;

5) университеттің негізгі дерекқорларына (реестрлеріне) ашық онлайн қолжетімділікті қамтамасыз ету (жеке ақпаратты қорғауды ескере отырып), атап айтқанда оқыту процесінде босатылған гранттар реестрі;

6) университеттің барлық мүшелерінің (қызметкерлер, білім алушылар) және мүдделі тараптардың гранттарды бөлу бойынша тыңдауларға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

7) гранттарды бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған немесе дәлелді болжамдар жасаған қызметкерлердің университеттің жауапты қызметкерлері немесе жоғары басшылығы тарапынан қысым мен репрессиялық шаралардан қорғалуын қамтамасыз ету.

13. Жұмысқа қабылдау (конкурс, бос орындар туралы ақпарат)

13-1. Заңнамаларға сәйкес, білім беру саласындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі. Ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің (профессорлық-оқытушылық құрам, ғылыми қызметкерлер) лауазымдарын ауыстыру конкурс негізінде жүзеге асырылады. Профессорлық-оқытушылық құрамның бос лауазымдарын алу конкурстарының ішкі ережелері университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

13-2. Университеттің кадрлық әлеуетін сақтау және дамыту үшін жағдай жасау қажеттілігін түсіну, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен непотизмді болдырмау мақсатында бос лауазым болған кезде, меншік нысанына қарамастан, конкурс жариялау туралы хабарлама интернет-ресурстарында, оның ішінде рекрутингтік порталдарда кемінде екі апта бұрын орналастырылады.

Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

1) конкурс жариялау туралы хабарлама орналастыру;

2) конкурс комиссиясын құру;

3) конкурстың қатысушылары ретінде азаматтардан құжаттарды қабылдау;

4) конкурс комиссиясының қатысушылар құжаттарын белгіленген талаптарға сәйкестігін қарау;

5) үміткерлермен сұхбаттасу;

6) конкурс комиссиясының қорытынды отырысы.

12-3. Университетте жұмысқа орналасу конкурстарының ашықтығын қамтамасыз ету үшін келесі ішкі нормативтік құжаттар әзірленуі тиіс:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес университет қызметкерлерінің лауазымдарының біліктілік сипаттамалары.

2) Университетке қабылдау ережелері және конкурстан тыс лауазымдарды қабылдау шарттары (кадрлық резерв, қажет болған жағдайда).

3) Кәсіби құзыреттіліктерді, негізгі көрсеткіштерді анықтау және бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін есептеу әдістемесі мен ережелері.

ІНҚ-ZU-01-03-01	Ашықтық пен айкындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	13 бет 15 беттен
-----------------	--	---------------------

13-4. Университет қызметкерлерін таңдау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын болдырмау үшін университет сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясатты енгізуі тиіс, ол келесі шараларды қамтамасыз етеді:

- 1) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау шарттарын Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сәйкес қамтамасыз ету;
- 2) қызметкерлердің жұмысқа қабылданған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясатпен танысуы, қажет болған жағдайда - тиісті оқыту курстарын өтуі;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясатты бұзған қызметкерлерге қатысты тәртіптік шараларды қабылдауға мүмкіндік беретін процедуралардың болуы;
- 4) қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, яғни негізсіз жазалау, дискриминациялау немесе тәртіптік шараларды қолдану (қоқан-лоққы жасау, оқшаулау, лауазымды төмендету, қызметтік өсуде кедергілер жасау, ауыстыру, жұмыстан шығару, қорқытушылық және қудалау).

14 Бөлім. ҚОРТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Басқарма Төрағасы - Ректор бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және университеттің барлық қызметкерлері мен білім алушылары үшін орындау міндетті болып табылады

15. ӨЗГЕРІСТЕР

Осы Ережені әзірлеу, ресімдеу және бекіту, оған өзгерістер енгізу және «Өзгерістер туралы хабарламаларды» ресімдеу және ІНҚ - ZU-14-02 сәйкес жүргізілуге тиіс «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелу керек.

Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]

